

Ұлттық мұражайдың және Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің оқу-әкімшілік корпусының құрылысын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 25 маусым N 861. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.13. N 1384 қаулысымен. ~P991384

Ұлттық мұражай мен Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің оқу-әкімшілік корпусы жобаларының құрылысын уақытылы аяқтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "GML International LTD" компаниясын (Ұлыбритания) жеңімпаз деп айқындаған "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы өткізген кредиторды таңдау жөніндегі тендердің нәтижелері назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген т е р т і п п е н :

1) өтеу мерзімі кемінде бір жыл және сыйақы (мүдде) ставкасы жиынтық ЛИБОР+4,5 проценттен аспайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес сыртқы заемды тарту жөнінде "GML International LTD" компаниясымен келісімге (мандат) қол қойсын;

2) Қазақстан Республикасының "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер берудің лимиті шегінде, "Ақмола - Жылжымайтын мүлік" күрделі құрылыс басқармасы" мемлекеттік кәсіпорнының ақшалық міндеттемелеріне жалпы сомасы 26 (жиырма алты) миллион АҚШ доллары болатын векселіне кепілдік міндеттемені ресімдеу жолымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін;

3) 2000 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру

кезінде тартылған заемға қызмет көрсету және өтеу жөніндегі шығыстарды көздесін;

4) тартылатын қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін;

5) "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамымен заемға қызмет көрсету жөніндегі агенттік келісім жасассын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.09. N 1118

қаулысымен.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.